

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫ

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ  
РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ (КАБИНЕТТІҢ) ҚЫЗМЕТІН  
ҰЙЫМДАСТЫРУ

Әдістемелік ұсынымдар

Алматы 2020

УДК 376  
ББК 74.3  
О-64

Түзеу педагогикасы ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесі мақұлдады және ұсынды (2020 жылғы 30 маусымдағы №26 хат-тама).

Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім Комитеті бекітті және пайдалануға ұсынды.

**Құрастырушы авторлар:**

**Елисева И.Г.**- педагогика ғылымдарының кандидаты, арнайы мектептік білім беру зертханасының меңгерушісі

**Ерсарина А.К.** - психология ғылымдарының кандидаты, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды кешенді диагностикалау және оңалту зертханасының меңгерушісі

**Рецензенттер:**

**Коржова Г.М.**- педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, арнайы мектепке дейінгі білім беру зертханасының меңгерушісі

**Новикова О.Н** - № 64 мектептің әдіскері

О-64 Инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі ресурстық орталық (кабинет) қызметін ұйымдастыру: әдістемелік ұсынымдар/ Елисева И.Г.,Ерсарина А.К.- Алматы: ТП ҰҒПО, 2020. - 26 б.

ISBN 978-601-80819-0-3

Әдістемелік ұсынымдарда инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі ресурстық орталық (кабинет) жұмысының қалыптасу кезеңдері мен мазмұны берілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептердің басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтарына, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарына, облыстық, қалалық білім басқармаларының оқу-әдістемелік кабинеттерінің әдіскерлеріне арналған.

УДК 376  
ББК 74.3

ISBN 978-601-80819-0-3

© ТП ҰҒПО, 2020  
© И.Г.Елисева, А.К.Ерсарина, 2020

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
1 Инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі ресурстық орталығын (кабинетін) ұйымдастыру және құру.....	7
2 Ресурстық орталық (кабинет) қызметінің ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыты.....	15
3 Ресурстық орталық (кабинет) қызметінің ақпараттық-кеңестік бағыты.....	18
ҚОРЫТЫНДЫ .....	20
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	22
А-ҚОСЫМШАСЫ.....	23
Б-ҚОСЫМШАСЫ.....	25

## АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

*Ерекше білім беруге қажеттілігі (ЕБК) бар тұлғалар (балалар)* - келесі себептерден тиісті деңгейде білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар тұлғалар (балалар):

- даму ерекшеліктерінен;
- мінез-құлық және эмоционалдық проблемалардан;
- қоршаған орта факторларынан (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени)

*Ерекше білім беру қажеттіліктері* - бұл әр оқушының оқуы мен әлеуметтенуінің сәттілігін қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу процесіндегі көмек пен қызметтерге деген қажеттілік

*Білім алуға арналған арнайы жағдайлар* - ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беру және оқу бағдарламаларын меңгерулері мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және басқа да көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар

*Психологиялық-педагогикалық қолдау* - педагогтар мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылған қызметі, оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады

*Арнайы кабинет* - психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандары ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен топтық және жеке сабақтарын жүргізулері үшін арнайы жабдықталған бөлме (сынып бөлмесі)

*Қысқартылған оқу бағдарламасы* - оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде құрастырылған пән бойынша оқыту бағдарламасы

*Жеке оқыту бағдарламасы* - зияттық бұзылымдары бар білім алушыларға арналған үлгілік оқу бағдарламасы негізінде, зияттық бұзылымдары бар оқушылардың жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып құрастырылған пән бойынша оқу бағдарламасы

ГҚРМЖБС - Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

- ПМПҚ - психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес
- ППҚҚ - психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі
- ҚР - Қазақстан Республикасы
- БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары

## КІРІСПЕ

Жалпы білім беруде инклюзивті білім беруді дамыту барлық балалар үшін, соның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі (бұдан әрі - ЕБҚ) бар балалар үшін, сапалы білім арудың қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған, Қазақстан Республикасы білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Инклюзивтілік принципін негізге ала отырып жалпы білім беруді дамыту, жалпы білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымдарын ақпараттық-әдістемелік тұрғысында қолдау қажеттілігі біздің елімізде әлі де зор болып табылатын кезеңде тұр. Жалпы білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдары білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауға, олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқу жағдайларын жасауға, инновациялық және арнайы педагогикалық технологияларды пайдалануға, ЕБҚ бар балалардың оқу жетістіктерін бағалауға және т. б. байланысты қиындықтарды бастан кешуде.

Жалпы білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарын ақпараттық-әдістемелік қолдауға қажеттілігін қанағаттандыру құралдарының бірі - инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі ресурстық орталықтарын (кабинеттерін) (бұдан әрі - ресурстық орталық) ұйымдастыру болып қарастырылуы мүмкін, олардың қызметінің негізгі бағыттары: ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық-кеңестік болуы тиіс.

Осы әдістемелік ұсынымдар ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әзірленді және ресурстық орталықтарды құруда және инклюзивті білім беру практикасын дамытуда олардың жалпы білім беру ұйымдарына ақпараттық, әдістемелік қолдау көрсету тәртібін ашып көрсетеді.

# **1 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫН (КАБИНЕТІН) ҰЙЫМДАСТЫРУ (ҚҰРУ)**

Инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі ресурстық орталық (кабинет) білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жалпы білім беру ұйымдарында құрылады, олардың кемінде 5 жыл бойы инклюзивті білім беру практикасының тұрақты оң тәжірибесінің болуы және басқа жалпы білім беру ұйымдарына ақпараттық, әдістемелік қолдау көрсетулері үшін кадрлық, нормативтік, бағдарламалық-әдістемелік, материалдық-техникалық ресурстары болуы қажет.

Білім беру ұйымы ресурстық орталық (кабинет) мәртебесін алуы үшін және кеңес беруге қажетті дағдылар мен ресурстарға ие болуы үшін, өз инклюзивті білім беру практикасын дамытудың және мінез-құлықтың толерантты мәдениетін қалыптастырудың бірнеше шартты кезеңдерінен өтуі тиіс.

1-кезең. Дайындық кезеңі

Білім беру ұйымының әкімшілігі ағымдағы жағдайды бағалайды және оқушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әртүрлі мүмкіндіктеріне бағдарланған оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету бойынша өз іс-әрекеттерін жоспарлайды. Әкімшілік пен педагогтардың біліктілікті арттыру курстарында оқуы қамтамасыз етіледі.

Дайындық кезеңінің негізгі мақсаттарының бірі болып орта білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі идеяларымен сәйкес келетін инклюзивті білім беру принциптерін білім беру ұйымының барлық ұжымында ұстануды және түсінуді қалыптастыру табылады:

- әр оқушының жеке тұлғасын құрметтеу, кемсітушілікке жол бермеу;

- кері байланыс орнату негізінде (формативті бағалау) әрбір оқушыны өз мүмкіндіктеріне сәйкес сабақтағы іс-әрекетке қосу;

- оқыту стратегияларының түрлі жиынтығын пайдалана отырып, оқуда қиындықтары бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

- оқушылар мен мұғалім арасында, сыныптастар арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнату;

- басқа мұғалімдермен, мамандармен, басқа ұйымдардың мамандарымен жұмыс жасай отырып, өз қызметінде корпоративтік тәсілді қолдану;

- әр оқушының жетістігін қамтамасыз ету және өзіне деген сенімділігін қалыптастыру, әр оқушының үлгерімін бақылау және талдау және т. б.

Білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің мектептік қызметі (бұдан әрі-ППҚҚ) құрылады. Қызметтің жұмыс атқаруы үшін білім беру ұйымының штатына логопед, арнайы педагог (дефектолог), психолог, педагог-ассистент бірліктері енгізіледі.

Кедергісіз ортаны қамтамасыз ету (физикалық қолжетімділік) және ЕБҚ бар оқушылардың білім беру процесін жүзеге асыру үшін мектепте қажетті материалдық база құрылады: пандустар, дәретханалар, ойын аймақтарын жабдықтау, балалармен жұмыс істеу үшін және мектеп мұғалімдері мен ата-аналарға кеңес беру үшін, мамандардың кабинеттерін қажетті жабдықтармен және дидактикалық материалдармен жабдықтау.

Психологиялық-педагогикалық қолдау - бұл ЕБҚ бар оқушыларды сәтті оқыту үшін мектеп әкімшілігінің, мұғалімдер мен мамандардың әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай жасау бойынша жүйелі ұйымдастырылған қызметі. Сондықтан дайындық кезеңінде қажетті жергілікті нормативтік актілерді құру және мектеп қызметінің жаңа бағытын басқаруды қамтамасыз ету үшін, қолданыстағы құжаттарға өзгерістер енгізу маңызды болып табылады. Олардың ішінде: психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін құру туралы бұйрық, ППҚҚ мамандарының лауазымдық міндеттері, ППҚҚ жұмыс жоспары, сондай-ақ мектеп жарғысына өзгерістер енгізу, мектепті дамыту жоспары және т. б. [1, 2]

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі өз функцияларын орындауда командалық тәсіл әдістерін және де мұғалімдермен, ата-аналармен ынтымақтастық пен серіктестік қатынастарын қалыптастырады.

2-кезең. ЕБҚ бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке тәжірибесін қалыптастыру

ЕБҚ бар оқушылардың тиімді қолдауын қамтамасыз ету үшін, білім беру ұйымы әкімшілігінің басшылығымен мектеп практикасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының, мұғалімдердің, ата-аналардың серіктестік қарым-қатынасының зама-

науи әдістері енгізілуде [3]. Командалық өзара іс-қимыл тренингтері өткізіледі, мектепте, әр сыныпта психологиялық жайлы атмосфера құру тәсілдері, білім беру процесінің барлық қатысушылары арасындағы ынтымақтастық пен өзара көмек талқыланады. Қолдау мамандарының қатысуымен әдістемелік бірлестіктердің отырыстарында осы қолдаудың қажеттіліктерін бағалау негізінде оқушыларға қолдау көрсетудің стратегиялары мен әдістері талқыланады. Әкімшілік ақпарат алмасуды және ілгері дамуды қамтамасыз ету үшін инклюзивті білім беруде тәжірибесі бар ұйымдармен, арнайы білім беру ұйымдарымен, ғылыми, қоғамдық ұйымдармен және басқа да әлеуметтік серіктестермен әріптестік қатынастар орнатады.

Мектептегі ЕБҚ бар оқушылар үшін ұйымдастырылған қолдау көрсетуден күтілетін нәтиже ретінде мыналарды қарастырған жөн:

- оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарға оң көзқарасын;
- оқушының жалпы білім беру, қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы шеңберіндегі академиялық жетістігін;
- оқушының әлеуметтік бейімделуін (мектепте, үйде, қоғамдық орындарда қабылданған мінез-құлық нормаларын орындауы, оқушының әуес ісі, достары және т.б. болуы).

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (логопед, психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент) педагогтармен бірлесіп:

- оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын құрастыру, оқу бағдарламаларын бейімдеу/қысқарту және жеке оқу бағдарламаларын құрастыру дағдыларын меңгереді;
- білім алушылар қатарынан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды анықтайды, олардың қажеттіліктерін бағалайды, мұндай оқушыларға сыныпта қолдау көрсету тәсілдерін жоспарлайды. Қажет болған жағдайда ППҚҚ баланың ата-аналарына психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (бұдан әрі-ПМПК) ұсынымдарын алуды ұсынады.

Мектеп әкімшілігі ПМПК қорытындысы бар білім алушылардың санын бақылауы қажет. Ол мектепте білім алушылардың жалпы санының 2-2, 5%-ынан аспауы тиіс (олардың елдегі балалар популяциясындағы үлесіне сәйкес). Әйтпесе, қолдау көрсету мамандары мен педагогтардың жүктемесі шамадан тыс болады, бұл көрсетілетін көмектің сапасына теріс әсер етуі мүмкін;

- білім беру процесіне толық серіктес ретінде қосу мақсатында ЕБҚ бар оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жүргізеді. «Ата-аналарға

арналған мектеп» немесе «Ата-аналар клубын» ұйымдастырады, мамандар мен мұғалімдер ата-аналарға кеңестік көмек көрсетеді;

- қажеттіліктерді бағалау нәтижелерін, педагог пен мамандардың балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мазмұнын, мониторингі мен нәтижелерін тіркеу құжаттамасын жүргізеді.

Мұғалімдер инклюзивті білім беру принциптерімен үндес келетін, орта білім беруді жаңартудың құндылықтары мен мақсаттарына сәйкес өз тәжірибелерін дамытады:

- сынып оқушыларының әртүрлі мүмкіндіктеріне бағдарланған заманауи педагогикалық тәсілдерді (сараланған және жеке тәсіл, диалогтік оқыту, топтық жұмыс және т. б.), арнайы (балама) оқыту әдістерін және ЕБҚ бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың оңтайлы тәсілдерін қолданады;

- басқа мұғалімдермен және мамандармен жұмыс істей отырып, корпоративтік тәсілді қолданады;

- білім беру процесін дараландырудың негізі ретінде оқытудағы бағалау тәсілдерін меңгереді;

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында өз құзыреттілігін дамытады және т. б.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі:

- ПМПК-нің тұжырымдамасы мен ұсынымдары бар ЕБҚ бар оқушылармен жеке сабақ бағдарламаларын жасайды;

- ЕБҚ бар оқушылармен топтық және жеке сабақтар өткізеді;

- жалпы білім беру жағдайында ЕБҚ бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу технологияларының, әдістерінің, тәсілдерінің банкі құруға, білім беру ұйымдарында психологиялық жайлы атмосферасын және мінез-құлықтың толерантты мәдениетін қалыптастыру бағдарламалары мен әдістерін құрастыруға кіріседі.

Өз тәжірибесін қалыптастыру үшін бүкіл мектеп ұжымының мақсатты жұмысының кем дегенде 2 жылы қажет болады.

Қатерлер: мектеп әкімшілігі тарапынан инклюзивті процеске басшылықтың болмауы; инклюзивтің білім берудің мақсаттары мен құндылықтарын бірыңғай түсінудің болмауы; ЕБҚ бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жауапкершілігін тек психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіне жүктеуі.

3-кезең. Инклюзивті білім беру практикасының тұрақты дамуы

Әкімшілік, мамандар, педагогтар басқа білім беру ұйымдарындағы әріптестерімен және әлеуметтік серіктестермен қарым-қатынас ба-рысында, өз қызметінде инклюзивті білім беру принциптерін

ұстанатындығын көрсетеді. Әрбір оқушы, жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, оқу процесіне, оқудан тыс іс-әрекетке тартылады. Мектеп пен сыныптарда психологиялық жайлы атмосферасы сақталады, туындаған кедергілерді командалық жеңу және мектептегі ағымдық жағдай туралы пікірлерді талқылау тәжірибесі қолданылады.

Әкімшілік білім алушылардың әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру процестерін басқарады, мамандар мен педагогтардың тиісті жұмыс жағдайлары мен үздіксіз кәсіби жетілуін қамтамасыз етеді.

Педагогтар зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарын жүргізеді, оқу-тәрбие процесінде әртүрлі педагогикалық технологияларды (тұлғаға бағытталған оқыту, деңгейлік саралау технологиясы, топтық жұмыс, Монтессори-педагогика және т.б.) қолданады. Білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау технологиялары әзірленеді және үнемі жетілдіріліп отырады, өз ресурстарын толықтыру және тәжірибе алмасу мақсатында қоғамдық және мемлекеттік мекемелермен серіктестік қарым-қатынас сақталады.

Ұжымның инновациялық қызметінің нәтижелері талданады, талқыланады, жалпыланады, баспа және интернет-басылымдарында жарияланады, конференцияларда, семинарларда, дөңгелек үстелдерде баяндалады.

Мамандар мен педагогтар қатарынан инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы мәселелеріне жақсы бағдарланған, әріптестеріне және басқа да білім беру ұйымдарының педагогтарына өзінің оң тәжірибесін беру мақсатында ақпаратты құрылымдауға және ұсынуға (ауызша және жазбаша) қабілетті мамандар мен педагогтар дайындалды.

Үшінші кезеңге жеткен жалпы білім беру ұйымының ілгерілемелі және тұрақты дамуы, оған инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ресурстық орталық (кабинет) мәртебесін беру туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады. Білім беру ұйымының тұрақты дамуы, мамандар мен педагогтардың кадрлық бірнеше жыл бойы өзгеріссіз қалған құрамынан да көрініс алады. Барлық мамандар (логопед, психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент) мен педагогтардың тиісті базалық білімі бар және өздерінің біліктілігін арттырудың қамын ойлайды.

Осылайша, ресурстық орталық (кабинет) - жалпы білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып табылады және қамтамасыз етіледі:

- оқушылардың түрлі білім қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өз

жұмыс тәжірибесін талдауға, жинақтауға және таратуға, сондай-ақ басқа да білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесін зерделеуге және жинақтауға қабілетті жоғары білікті кадрлармен;

- барлық оқушыларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білікті қолдау көрсету үшін арнайы үй-жайлармен, дамытушы жабдықтармен және дидактикалық материалдармен,

- кеңестік жұмыс жүргізуге арналған үй-жайлармен және жабдықтармен;

- үнемі толықтырылып отыратын ресурстық материалдармен (нормативтік, әдіснамалық, әдістемелік, дидактикалық, бейнематериалдармен, арнайы әдебиеттер кітапханасымен және т.б.).

Ресурстық орталық (кабинет) білім беру ұйымы әкімшілігінің әрбір білім алушы үшін сапалы білім мен қолайлы әлеуметтік-психологиялық ортаны қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған, бірыңғай құндылықтары мен мақсаттары бар педагогикалық ұжымды құру бойынша мақсатты қызметінің процесінде қалыптасады. Мектептің ресурстық орталық (кабинет) тәртібінде жұмыс істеуі үшін ППҚҚ әдістемелік бөлімінің қызметі ұйымдастырылады, әдіскер лауазымы енгізіледі. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары және кеңестік-әдістемелік жұмыс жүргізуге дайын педагогтар әдістемелік бөлімнің мүшелері болып табылады, бұл ретте олар оқушылармен практикалық жұмысты жалғастырады. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі және әдістемелік бөлім мектептің ресурстық орталығының (кабинетінің) функционалдық бөлімшелері болып табылады. Әдіскер ресурстық орталықтың қызметін ұйымдастыру үшін жергілікті актілерді құрастыруға кіріседі: инклюзивті білім беруді дамытуды қолдау жөніндегі ресурстық орталықтың (кабинеттің) қызметі туралы ереже, ресурстық орталық (кабинет) қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, ресурстық орталықтың(кабинетінің) бір жылға арналған жұмыс жоспары, басқа білім беру ұйымдарына қолдау көрсету туралы келісім-шарттың формалары.

Ресурстық орталық (кабинет) мамандарының біліктілігіне қойылатын талаптар және лауазымдық міндеттері:

1) әдіскер – "педагог-зерттеуші" жоғары біліктілік санатынан төмен емес; ресурстық орталық (кабинет) мамандарының жұмысына басшылық жасайды, орталық мамандарының кеңестік көмек көрсетілетін басқа мектептердің педагогикалық ұжымдарымен атқаратын жұмысының басым бағыттарын айқындайды; семинарлардың тақырыптарын және мастер кластардың мазмұнын айқындайды, конференциялар, се-

минарлар, топтық және жеке кеңестер өткізілуін ұйымдастырады; ресурстық орталық (кабинет) мамандарының тұрақты кәсіби дамуына ықпал етеді; ресурстық материалдарды іріктейді және құрылымдайды, кеңестік көмек алатын білім беру ұйымдары үшін ұсынымдар әзірлейді; ресурстық орталық (кабинет) ұжымы мамандарының жұмыс тәжірибесін жинақтайды;

3) арнайы педагог (дефектолог) - "педагог - сарапшы" біліктілік санатынан төмен емес; ресурстық орталықпен (кабинетпен) жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының педагогтарына кеңес береді; кеңестік көмек алатын білім беру ұйымдары үшін ұсынымдар әзірлеуге, ресурстық материалдарды іздестіруге, іріктеуге, әзірлеуге қатысады; өзінің жұмыс тәжірибесін жинақтайды; семинарлар, конференциялар өткізуге қатысады, мастер-кластар береді;

4) логопед - "педагог-сарапшы" біліктілік санатынан төмен емес; ресурстық орталықпен (кабинетпен) жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының педагогтарына кеңес береді; ресурстық материалдарды іздестіруге, іріктеуге, жасауға, кеңестік көмек алатын білім беру ұйымдары үшін ұсынымдар әзірлеуге қатысады; өзінің жұмыс тәжірибесін жинақтайды; семинарлар, конференциялар өткізуге қатысады, мастер-кластар береді;

5) психолог- "педагог-сарапшы" біліктілік санатынан төмен емес; ресурстық орталықпен (кабинетпен) жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының педагогтарына кеңес береді; ресурстық материалдарды іздестіруге, іріктеуге, жасауға, кеңестік көмек алатын білім беру ұйымдары үшін ұсынымдар әзірлеуге қатысады; өзінің жұмыс тәжірибесін жинақтайды; семинарлар, конференциялар өткізуге қатысады, мастер-кластар береді;

6) педагог-ассистент - жоғары педагогикалық және/немесе кәсіптік педагогикалық (орта кәсіптік) білім базасында, "педагог-ассистент" бағыты бойынша қосымша білім беру бағдарламасы (минор) бойынша оқудан өткен. Ресурстық орталықпен (кабинетпен) жұмыс істейтін педагог-ассистенттерге, білім беру ұйымдарының педагогтарына кеңес береді; кеңестік көмек алатын білім беру ұйымдары үшін ұсынымдарды әзірлеуге, ресурстық материалдарды іздеуге, іріктеуге, жасауға қатысады; өз жұмыс тәжірибесін жинақтайды; семинарлар, конференциялар өткізуге қатысады, мастер-кластар береді.

Ресурстық орталыққа (кабинетке), оның ауданында орналасқан және кеңестік көмекке мұқтаж бірнеше (8-10-нан аспайтын) білім беру ұйымдары бекітіледі. Ресурстық орталық (кабинет) осы ұйымдармен

ынтымақтастық туралы келісім-шарттар жасайды және өзара іс-әрекет тәртібін белгілейді. Ресурстық орталықтың (кабинеттің) мамандарына кеңестік көмек алатын білім беру ұйымдарының ағымдық жағдайын алдын ала зерделеу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Ресурстық орталықты (кабинетті) қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады және білім беру ұйымының жалпы сметасының бөлігі болып табылады.

Қатерлер: ресурстық орталықтың (кабинеттің) кеңестік-әдістемелік қызметін қаржыландырудың болмауы; мектеп әкімшілігінің жеткіліксіз қолдауы және басшылық рөлі.

## **2 РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ (КАБИНЕТ) ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ – ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТЫ**

Ресурстық орталық (кабинет) әдіскері ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты жоспарлауы кезінде, инклюзивті білім беруді өзара байланысты үш құрама бөлікті қамтитын жүйе ретінде түсіну керек: жалпы білім беру ұйымдарындағы жағдайды жақсартудың маңызды бағыттарын көрсететін инклюзивті саясат, инклюзивті практика және инклюзивті мәдениет.

Жоғарыда аталған инклюзивті білім берудің үш құрамдас бөлігін терең түсіну негізінде ресурстық орталықтың (кабинеттің) мамандары:

- әдеби дереккөздерді зерделейді, әртүрлі мүмкіндіктері бар білім алушыларды оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың тиімді технологиялары мен әдістемелерін таңдайды, сынақтан өткізеді және бейімдейді;

- әдістемелік материалдар буклеттерін, оқушыларды оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау, инклюзивті мәдениетті құру және инклюзивті саясатты жүзеге асыру бойынша қолдау қызметінің мұғалімдері мен мамандарына ұсынымдар әзірлейді;

- таныстырылымдар, мастер-класс пен тренингтер сценарийлерін дайындайды.

Ресурстық орталық (кабинет) қызметінің негізгі мақсаты - білім беру ұйымдарына аталған үш аспектіні өз тәжірибесінде үйлесімді дамытуға көмектесу болып табылады. Мәселен, инклюзивтілік принципін негізге ала отырып, білім беру ұйымын дамыту жоспары, бөлімдері ретінде, осы үш құрамдас бөліктің атауларын қамтуы мүмкін.

Инклюзивті мәдениетті құру мектеп қоғамдастығын құруды және инклюзивті құндылықтарды қабылдауды білдіреді. Мәдениет инклюзивті білім беруді дамытуға байланысты мектептегі қажетті өзгерістердің негізі болып табылады. Ресурстық орталықтың (кабинеттің) мамандары әртүрлі жұмыс түрлерін, соның ішінде ынтымақтастық дағдыларын, командада жұмыс істей білуді меңгеруге бағытталған жұмыс түрлерін пайдалана отырып, өздері қолдау көрсетіп отырған мектеп ұжымдарын инклюзивті білім берудің құндылықтары мен принциптерімен, оның халықаралық және отандық заңнамалық негізімен таныстыруы қажет.

Білім беру ұйымында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру білім беру процесінің барлық қатысушыларының дамуына ықпал ететін қауіпсіз қоғамдастық құруға бағытталған, онда әрқайсысының құндылығы ортақ жетістіктердің негізі болып табылады. Принциптер мен құндылықтар білім беру ұйымының бүкіл саясатына қатысты шешімдерге де, күн сайын болып жатқан оқыту практикасына да әсер етеді. Білім беру ұйымын дамыту тұрақты және үздіксіз процесс болуы керек деп күтіледі.

Инклюзивті саясатты дайындау «барлығына арналған мектептің» дамуын және білім алушылардың түрлі мүмкіндіктері мен қажеттіліктерінің қолдауын ұйымдастыруды көздейді. Бұл жұмыста семинарлар көмектеседі, онда орта білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберіндегі педагогикалық тәсілдердің мүмкіндіктерін, оның ішінде ЕБҚ бар мектеп оқушыларының қажеттіліктерін қанағаттандыру және қолдау мәселелерін талқылау қажет. Оқытуда қиындығы бар оқушылар қандай көмекке (қолдауға) мұқтаж екенін және оқушыларға педагогтың, қолдау мамандарының өз құзыреттіліктері мен Қазақстандағы қолданыстағы нормативтік база шеңберлерінде қандай көмек көрсете алатынын егжей-тегжейлі айтулары қажет. Қолдау деп түрлі мүмкіндіктері бар балалардың прогрессивті дамуын және сәтті оқуын қамтамасыз етуге бағытталған кез-келген әрекеттер есептеледі. Мысалы, арнайы мамандардың (логопед, психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент), еріктілердің балаларды қолдауы, шағын топтарда (арнайы сыныптарда) оқыту, оқу бағдарламаларын бейімдеу, жеке оқу бағдарламалары бойынша оқыту, нұсқалық оқулықтарды, арнайы құрылғыларды, техникалық құралдарды, АКТ және т. б. пайдалану.

Инклюзивті практиканы дамыту педагогтар тарапынан оқыту процесін басқаруды (оқытудың ғылыми негізделген технологиялары мен тәсілдерін пайдалану) және ресурстарды жұмылдыруды қамтиды. Мұғалімдерге, әр оқушының қабілеттері мен таланттарын барынша аша отырып, әрқайсысын білім беру процесіне және сабақтан тыс іс-әрекетке қосудың түрлі тәсілдерін қолдануларына көмектесу қажет. Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту процестерін мақсатты басқару үшін формативтік бағалауды міндетті және дұрыс пайдалану қажеттілігін атап өткен жөн. Әдетте, мұндай мектеп оқушыларының оқуда қиындықтары болады.

Білім беру ұйымының қызметкерлерін ЕБҚ бар оқушылардың білім алуы үшін қажетті жағдай жасалуын ресурстар ретінде пайдалану мүмкін екендігі туралы хабардар ету қажет. Мұндай ресурстарға арнайы білім беру ұйымдары педагогтарының тәжірибесін, педагогикалық ұжымның

әрбір мүшесінің, топтық жұмыста алмасуының ұйымдастырылуы оңай болатын, жеке тәжірибесін, ата-аналардың, сыныптастардың, еріктілердің, педагог-ассистенттердің көмегін жатқызуға болады.

Ресурстық орталық (кабинет), оқу-тәрбие процесіне балалардың толыққанды қатысуына әсер ететін және әрбір білім беру ұйымында туындауы мүмкін кедергілерді алдын ала зерделеу нәтижелері бойынша, білім беру ұйымдарымен жұмысын жоспарлайды. Бұл кедергілерге кім тап болатынын, оларды қалай азайтуға болатындығын, білім беру ұйымының өзінде барлық оқушылардың оқуы мен мектеп өміріне қатысуына қолдау көрсету үшін қандай ресурстар бар екенін, педагогикалық ұжым қандай қосымша ресурстарды қажет ететінін анықтап алу маңызды. Осы және басқа да сұрақтарға жауаптарды әкімшілікпен, мұғалімдермен және мамандармен әңгімелесу барысында, сауалнама алғанда, сабақтарға қатысу кезінде алуға болады. Әңгімелесуге дайындалу, сауалнамаларды дайындау, сабақтарды талдау бланкілерін әзірлеу ресурстық орталық (кабинет) қызметінің мазмұны болып табылады. Алынған материалдарды талдау нәтижелері бойынша семинарлардың, мастер-класстардың, тренингтердің тақырыптары жоспарланады.

Ресурстық орталық (кабинет) мамандары өткізетін іс-шаралардың тақырыбы мен мазмұны барынша нақты болуы және ресурстық орталық (кабинет) көмек көрсететін әрбір ұйым практикасының қажеттіліктеріне сәйкес болуы керек. Жоспарлау әр жартыжылдыққа бөлек жасалынады. Семинарларға, дөңгелек үстелдерге, мастер-класстарға қатысушылардың тобына әдістемелік немесе ұйымдастырушылық сұраныстары мазмұны жағынан жақын, немесе инклюзивті білім беру тәжірибесін дамытудың бір (жақын) деңгейінде тұрған, білім беру ұйымдарының педагогтарын біріктіруге болады.

Келесідей мамандар тобы үшін жеке семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылуы мүмкін: әдіскерлер, оқу ісі меңгерушілері, педагогтар, педагог-ассистенттер, еріктілер. Мұндай іс-шараларда неғұрлым аясы тар мәселелер мен жеке мәселелер (балалармен жұмыс істеудің нақты әдістері мен тәсілдері, құжаттама үлгілері және оларды жүргізу тәсілдері, мамандардың функционалы және т.б.) талқыланады.

Әрбір ресурстық орталық (кабинет), ынтымақтастық және көмек алуы жөнінде келісім-шартқа отырған білім беру ұйымдарының нақты қажеттіліктері мен сұраныстары мен өз ресурстарын негізге алуы тиіс.

Ресурстық орталықтың (кабинеттің) жұмысы туралы рефлексивтік жылдық есебі өз қызметін жетілдіру және ресурстық материалдар банкіні толтыру бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

### **3 РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ (КАБИНЕТ) ҚЫЗМЕТІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ – КЕҢЕСТІК БАҒЫТЫ**

Ақпараттық-кеңестік жұмыстың мақсаты - инклюзивті білім беру идеяларын әркім үшін ешқандай кемсітусіз жоғары сапаны қамтамасыз ететін білім беру ретінде алға жылжыту.

Міндеттері:

- әркімнің сапалы білім алу құқығын қолдау жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру;

- төзімділік қарым-қатынас мәдениетін, білім алушылардың білім алудағы мүмкіндіктерінің әртүрлілігіне шыдамдылық көзқарасын дамыту;

- балалармен жұмыс істеуде әртүрлілікті енгізу педагогтар үшін кедергі немесе проблема емес, керісінше олар үшін жаңа кәсіби мүмкіндіктер ашатынын түсінулеріне көмектесу;

- білім беру ұйымдарының әкімшілігіне инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасының, саясаты мен әдіснамасының мәселелері бойынша кеңес беру;

- педагогтарға оқу-тәрбие процесі барысында туындайтын инклюзивті білім беру практикасының жеке мәселелері бойынша кеңес беру;

- педагогикалық қоғамдастықты педагогикалық ғылымның ең жаңа жетістіктерімен таныстыру.

Ресурстық орталықтың (кабинеттің) ақпараттық-кеңес беру жұмысының мақсаты мен міндеттерін кеңінен түсіну керек екені анық. Бұл келісім-шарт негізінде көмек көрсетілетін білім беру ұйымдарымен ғана емес, кез келген басқа ұйымдармен, әлеуметтік әріптестермен, БАҚ-пен, жалпы қоғамдастықпен де жұмыс істеу.

Ресурстық орталықтардың (кабинеттердің) қоғамдастықпен, БАҚ-пен ынты-мақтастығы өз аудандарындағы білімдік беру және әлеуметтік жағдайларды жақсартуға ықпал етеді.

Ақпараттық-кеңестік формаларға келесілер жатуы мүмкін:

- ақпараттық науқандар мен іс-шаралар;

- бюллетеньдерді, ақпараттық жинақтарды, аннотациялық материалдар мен ұсынымдарды тарату (әкімшілікке, педагогтарға, роликтерге, қолдау қызметінің мамандарына, БАҚ-қа);
- жеке және топтық кеңес берулер;
- инклюзивті білім беру тәжірибесі, ата-аналармен және серіктес ұйымдармен жұмыс бойынша табысты тәжірибе алмасу жөніндегі семинарлар мен практикалық конференциялар.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Инклюзивтік практиканың дамуына әсер ететін факторлар ретінде келесілер аталады:

- барлық мектеп ұжымы инклюзия мәселелерін түсінеді және талқылайды;

- мектеп ұжымының қызметіне қажетті өзгерістер енгізіледі; балалар мен мұғалімдерді қолдау үшін қосымша ресурстар (психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі) қолданылады;

- мектеп ұжымының барлық қатысушылары арасындағы ынтымақтастыққа қолдау көрсетіледі;

- ата-аналар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесінің серіктестері және қатысушылары ретінде қабылданады; мектеп басшылығы инклюзивтік процестерді үйлестіреді және бақылайды.

Инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ресурстық орталық (кабинет) қызметін өз мойнына алған мектеп, ең алдымен, өзінің инклюзивтік практикасын көрсетілген факторларға сәйкес құруға тиіс. Басқа педагогикалық ұжымдардың игілігі болуы үшін өз тәжірибесі үнемі дамып, талдануы керек. Сонымен бірге, кез-келген оң тәжірибе пайдалану процесі барысында түрлі жағдайлардың әсерінен өзгеріске ұшырайтынын түсіну керек, мысалы материалдық, дидактикалық, сондай-ақ адами факторлардың. Жалпы білім берудің инклюзивтілігі идеяларын жүзеге асыру үшін орта білім берудің мазмұнын жаңарту жақсы негіз болып табылады, мұнда мұғалімнің кәсіби санасының елеулі өзгерістері, өз қызметінің мақсаттары мен құндылықтарын қайта қарауы, өзін-өзі үнемі жетілдіруі, рефлексияға дайындығы күтіледі. Мұғалім өз тәжірибесінде цифрлық білім беру ресурстары мен командалық ынтымақтастық стратегиясымен бірге, оқыту және бағалаудың жаңа технологиялары мен тәсілдерін пайдалануы тиіс. Қазіргі уақытта оқытудың формалары мен әдістерінің кең спектрін қолданатын мұғалім сұранысқа ие, өйткені білім алушылардың әртүрлі мүмкіндіктері мен қажеттіліктері бар екендігі мойындалды. Мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың нақ осындай тәсілі және ең ба-стысы, мұғалімнің жаңа ұстанымы инклюзивті білім беру принципінің идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді: оның жоғары сапасын және кемсітушіліктің болмауын.

Ресурстық орталықтар (кабинеттер) жалпы білім берудің инклюзивтілігін дамыту тәжірибесін беруге ниет білдіре отырып, жаңартылған мазмұн және инклюзивті білім беру идеяларының қандай теориялық және практикалық мәселелері бойынша толығымен сәйкес келетінін түсінулері керек. Бұл ресурстарды ұлғайтуға және мектептердің педагогикалық ұжымдарын қолдау бойынша өз қызметін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Психолого-педагогическое сопровождение и оказание поддержки учащимся с особыми образовательными потребностями в школах на краткосрочной, среднесрочной и долгосрочной основе: Методические рекомендации. - Астана, 2015.
- 2 Организация деятельности специальных классов в общеобразовательных школах: Методические рекомендации. - Астана, 2016 г.
- 3 Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: Методические рекомендации / Елисеева И.Г., Ерсарина А.К.- Алматы: ННПЦ КП, 2019. - 118 с.
- 4 Саламанкская декларация и рамки действий по образованию лиц с особыми потребностями /Всемирная конференция по образованию лиц с особыми потребностями: доступ и качество.- Саламанка, Испания, 7-10 июня 1994г.
- 5 Школы для всех. Включение детей со специальными нуждами в образование/ Фонд «Спасите детей» - Лондон. -2002. - 90 с.
- 6 Открытое досье по инклюзивному образованию. Материалы в помощь менеджерам и администраторам. - ЮНЕСКО. - 2005. - 16 с.
- 7 Tim Loreman, Joanne Deppeler, David Harvey. Inclusive Education. A practical guide to supporting diversity in the classroom. - Routledge Falmer, London and New York, 2005.
- 8 Гэри Банч. Включающее образование. Как добиться успеха? Основные стратегические подходы к работе в интегративном классе / пер. с англ. Н. Грозной и М. Шихиревой. - М.: «Прометей», 2005. - 88 с.
- 9 Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. -ЮНЕСКО. - 2009. - 36 с.

## А-ҚОСЫМША

### ППҚҚ ҮЙ-ЖАЙЛАРЫ КЕҢІСТІКТЕРІН ЖӘНЕ РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ (КАБИНЕТТІ) ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДАУ

Жабдық:

1) Төмендегілерге арналған жиһаз заттары:

- сыртқы киім;
- құжаттарды, әдістемелік және дидактикалық құралдарды, материалдарды, кітаптарды, оқулықтарды, кеңсе материалдарын сақтау;
- топтардағы балалар санына сәйкес балалармен сабақ өткізу (6 адамға дейін);
- топтар санына сәйкес педагогтармен консультативтік жұмыстар, семинарлар өткізу.

2) Магниттік-маркерлік тақта; бор тақтасы.

3) Мультмедиялық жабдық, компьютер, көбейткіш техника (принтер, сканер, ламинатор).

4) Арнайы дидактикалық құралдар, құрылғылар мен материалдар:

- балалардың сенсорлық және сенсорлық-моторлық дамуы;
- кеңістік-уақыт қатынастарын қалыптастыру;
- фонемалық қабылдауды, талдауды және синтездеуді дамыту, сөйлеуді дамыту (грамматикалық құрылыстың айтылуы, үйлесімді сөйлеу);
- жалпы зияткерлік дағдыларды, ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру, ойлаудың көрнекі және ауызша нысандарын дамыту;
- графикалық-моторлық функцияларын, каллиграфия дағдыларын дамыту;
- мектепке дейінгі даму кезеңіндегі олқылықтардың орнын толтыру;
- бағдарламалық оқу материалын меңгерудегі олқылықтардың орнын толтыру.

5) Дамытушы сипаттағы ойын материалы (үстел ойындары, құрастыру ойыншықтары, дидактикалық ойындар және т.б.).

6) Қозғалыс белсенділігі мен релаксацияға арналған жабдық (жұмсақ едендік жабын, швед қабырғасы, эткеншек, гамак, фит-доп, жалпы және ұсақ моториканы дамытуға арналған жиынтықтар, массаж кілемшесі және т.б.).

Кеңістікті ұйымдастыру кабинеттің жұмыс аймақтарын құруды білдіреді (егер бірнеше болса, кабинеттердің), олар мыналарды қамтиды:

- оқу аймағы;
- қозғалыс аймағы;
- ойын аймағы;
- консультативтік аймақ.

Кабинет үй-жайының оқу аймағы балалармен сабақ өткізуге арналған орынды қамтамасыз етеді. Ол мыналармен жабдықталған: үстелдер мен орындықтар, сынып тақтасы, мамандарға арналған жұмыс орны, дидактикалық және әдістемелік құралдар, кітаптар, оқулықтар, кеңсе заттары бар шкаптар.

Кабинеттің қозғалыс аймағы балалардың қозғалыс белсенділігі режимінің сақталуын қамтамасыз етеді және қозғалыс жаттығулары мен қимыл ойындарын өткізу үшін шағын бос кеңістікті (әдетте, жұмсақ жабынмен жабдықталған) білдіреді. Аймақ стандартты емес сабақтарды өткізу үшін, үстел мен едендегі жұмысты ауыстыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Кабинеттің ойын аймағы дамытушы ойын әрекеттерін өткізуге арналған және балалардың қажеттіліктеріне сәйкес ойын материалдарымен, дидактикалық ойындары бар сөрелермен жабдықталған.

Кеңестік аймақ ата-аналар, педагогтар, әріптестер, мамандар үшін ақпараттық алаң (хабарландыру тақтасы, ақпараттық стенд және т.б.) және консультациялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу үшін жұмыс орнын құруды білдіреді. Консультативтік аймақ мультимедиялық жабдықтармен, көбейту техникасымен, нормативтік құжаттармен, әдістемелік материалдармен, кітаптармен, журналдармен жабдыкталады, мамандардың ғылыми қызметін қамтамасыз етеді, ресімделген ағымдағы құжаттамадан тұрады.

## Б-ҚОСЫМША

### ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҚОЛДАУ БОЙЫНША РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ (КАБИНЕТ) ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ҮЛГІ НЫСАНЫ

Бекітемін  
Директор

Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша ресурстық орталықтың  
(кабинеттің) 20...-20... оқу жылының бірінші/екінші  
жартыжылдығына жұмыс жоспары

Мақсаты:

Жұмыстың міндеттері:

Күтілетін нәтижелер:

Мүмкін болатын қатерлер:

Ресурстық орталықтың (кабинеттің) әдістемелік бөлімінің құрамы:

Іс-шаралар және олардың тақырыптары	Оқушылардың санаттары	Мерзімі	Жауапты маман	Есептілік нысаны
I. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ				
II. АҚПАРАТТЫҚ – КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚЫЗМЕТ				

Елисеева И.Г., Ерсарина А.К

Инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі ресурстық  
орталық (кабинет) қызметін ұйымдастыру

әдістемелік ұсынымдар

---

Редакторы *И.Г. Елисеева.*  
Техникалық редакторы *Д. Тоқтарбекова.*  
Компьютерлік қалыптауы *А. Қабанбаев.*

---

Форматы 60x84\16. Қағазы офсеттік. 1,75 шартты баспа табақ.

---

ТП ҰҒПО, 050008, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 273 А,  
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.